«БЕКІТЕМІН»
М.Әуезов атындағы ОҚУ
ҒЖЖИ жөніндегі проректор
_____ Сулейменов У.С.
«___» _____ 2024ж.

М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің базасында 6В03210- «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасыбойынша өткізілетін жоғары оқу орындары студенттері арасында XVI– ші Республикалық пәндік олимпиаданың

ЕРЕЖЕСІ

Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының студенттері арасында республикалық пәндік олимпиаданы (бұдан әрі – Республикалық олимпиада) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

2. Олимпиада 6В032 – Журналистика және ақпарат білім беру бағдарламасы бойынша болашақ кадрлардың арнайы кәсіби қабілеттерін дамытуды анықтау мақсатында республикалық студенттік олимпиадалар шеңберінде өткізіледі және дарынды студент жастарды қолдаудың бірі болып табылады, сондай-ақ республикалық және халықаралық олимпиадаларға қатысу үшін команда жасақтау.

3. Олимпиаданың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- студенттердің оқу-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру;
- студенттердің кәсіби-тұлғалық жақтарын ашуға, өзін-өзі тануына, шығармашылық қабілеттірін, өзін-өзі реттеу мен қалыптастыруына мүмкіндік жасау;
- студенттерді азаматтық ұстанымдарға тәрбиелеу;
- білім беру жүйесін жетілдіруге қатысты белсенді кәсіби қарым-қатынас жасауды қалыптастыру;
- конкурсқа қатысушыларға кәсіби тұтастықты қалыптастыру.

Олимпиада мүмкіндіктері:

- 6В03210-Кітапхана ісі білім беру бағдарламасы беделі мен мәртебесін арттыру;
- дарынды студенттерді анықтау;
- қатысушылардың кітапхана ісі саласы бойынша шығармашылық және қарқынды кәсіби ұстанымын дамытуға жағдай жасау;

6В03210- Кітапхана ісі білім беру бағдарламасыбойынша Республикалық студенттік пәндік олимпиада М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің базасында өткізіледі. Олимпиаданы өткізуге жауапты: «Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасы. Олимпиадағы 2-3 курс студенттері қатысады. Команда құрамы 5 қатысушыдан тұрады.

II. Республикалық студенттік олимпиаданың өтілу тәртібі

6В03210- Кітапхана ісі білім беру бағдарламасы бойынша студенттік олимпиада топтық және жеке сайыс түрінде 3 кезеңнен кезең бойынша өтеді.

1-кезең – топтардың сәлемдесуі. Командалармен танысу университетте дайындық жүргізілетін білім беру бағдарламалары бойынша практикалық шеберлігі мен дағдыларын анықтау арқылы ЖОО дайындайтын белгілі бір мамандықты қарастырады.

Олимпиаданың I кезеңі олимпиадаға қатысушылардың практикалық. Осы кезең шығармашылық түрде болатын әрбір қатысушы топ туралы мәлімет береді.

I кезең. Бұл кезеңнің бағалау өлшемдері: жасампаздық, инновациялылық, ақпараттық технологияларды қолдану.

I кезеңді бағалаудың жоғары балдық көрсеткіші – 40 балл. 25 баллдан кем жинаған команда келесі кезеңге өтпейді.

II кезең – командалардың сұрақ-жауап сайысы. Бұл кезеңде олимпиада қатысушылары білім беру бағдарламасының оқу пәндерін оқу барысында алған теориялық және практикалық білімдерінің деңгейін көрсетеді.

Кезеңнің мақсаты мен міндеттері: оқуға деген ынтасын арттыру, танымдық белсенділігін дамыту, топта жұмыс істей білу. Сұрақтар бірнеше командаға арналған. Әр командаға 10 сұрақтан қойылады.

II кезеңнің бағалау өлшемдері: 2-кезең студенттерінің теориялық және практикалық білімінің нәтижесі 40 баллмен бағаланады.

III кезең – топтардың ғылыми жобасы. Бұл турда әр команда білім беру бағдарламасына сәйкес (таңдау бойынша) өзекті тақырыпта өздері дайындаған жобаларын слайд арқылы көрсетеді. Жоба төмендегі өлшемдер бойынша бағаланады:

III кезең. Берілген кезеңде әр топ білім беру бағдарламасына байланысты

Жобаның тақырыптық өзектілігі – 5 балл.

Таңдалған тақырып мазмұнының ашылуы – 5 балл

Креативтілік, жобаның танымдық деңгейі – 5 балл

Көрнекілігі, техникалық ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері – 5 балл

Көпшілік қорғау – 10 балл

Шығармашылық жобаның жалпы қорытындысы 30 баллмен бағаланады.

III. XVIРеспубликалық пәндік студенттік олимпиаданың нәтижесін шығару тәртібі

Ұйымдастырушы комитеттің нұсқауы бойынша оқытушылар мен студенттердің арасында Республикалық олимпиадаға қатысқан белсенді ұйымдастырушылар мен жеңімпаздар мақтау қағаздарымен, дипломдармен, сертификаттармен, бағалы сыйлықтармен, ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Базалық ЖОО-ның конкурстық комиссиясы жеңімпаздарды келесі тәртіпте марапаттауды ұсынады:

1 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 1 дәрежелі дипломы (бір командадан көп емес);

2 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2-дәрежелі дипломдары (екі командадан көп емес);

3 орын үшін – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 3 дәрежелі дипломдары (үш командадан көп емес).

Республикалық олимпиаданың 1, 2, 3 орын алған жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

IV. Олимпиаданы ұйымдастырушы комитет

6В03210- Кітапхана ісі білім беру бағдарламасыбойынша пәндік олимпиаданың өту барысындағы ұйымдастырушылық және әдістемелік мәселелерді шешуде ұйымдастырушы комитет құрылады.

Ұйымдастырушы комитет олимпиаданың өту мерзімі мен формасын, тапсырманың саны мен мазмұнын анықтайды. Тапсырманың жағдайы мен бағалау өлшемдерін құрастырады, тапсырманы бағалау мен тексеруге жауапты адамдарды тағайындайды, сондай-ақ қатысушының апелляциясын қарастырады.

Олимпиаданың өту уақыты: 12 сәуір 2024 жыл.

Қатысушылардың келуі 11 сәуір

Жауаптылар:

Тарих және педагогика факультетінің деканы — Уразбаев К.М.

Каф. меңгерушісі т.ғ.к., доцент — Отарбаева Г.К.

Факультеттің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жауапты — Рсымбетова Л.А.